

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, банк қызметі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 6 тамыздағы N 112-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, банк қызметі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) тізбенің 1-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (келісім бойынша) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

6

т а м ы з д а ғ ы

N

1 1 2 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, банк қызметі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

P/c N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуы үшін жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі

1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ҰБ (жинақтау), ҚҚА (келісім бойынша), Қаржымині, ЭБЖМ, Әділетмині	2009 жылғы қыркүйек
2.	Қазақстан Республикасы қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті жариялау тәртібі мен мерзімдері және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы	ҰБ Басқармасының қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2009 жылғы тамыз
3.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қолма-қол ақшаны қабылдау, өңдеу, сақтау және банктер мен банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру бойынша операцияларды коса атқаруы мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰБ Басқармасының қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2009 жылғы тамыз
4.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жарғылық және резервтік капиталдарымен және қайта бағалау шоттарымен жүргізілетін операцияларды есепке алу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 247 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰБ Директорлар кеңесінің қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2009 жылғы тамыз
5.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (ақша төлемі және аударымы мәселелері бойынша)	ҰБ Басқармасының қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2009 жылғы тамыз
6.	Екінші деңгейдегі банктерді консервациялау және банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) консервациялау сатысындағы банктің активтері мен міндеттемелері басқа (банкке) банктерге бір мезгілде өткізу жөніндегі операцияларды жүзеге асыруы ережесін бекіту туралы	ҚҚА Басқармасының қаулысы	ҚҚА (келісім бойынша)	2009 жылғы тамыз
7.	Банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған банктің активтері мен міндеттемелері басқа банкке (банктерге) бір мезгілде өткізу жөніндегі операцияларды жүргізу ережесін бекіту туралы	ҚҚА Басқармасының қаулысы	ҚҚА (келісім бойынша)	2009 жылғы тамыз
8.	Тұрақтандыру банкін құру, лицензиялау, жарғылық және меншікті капиталдарының ең төменгі мөлшерін қалыптастыру ережесін бекіту туралы	ҚҚА Басқармасының қаулысы	ҚҚА (келісім бойынша)	2009 жылғы тамыз
9.	Тұрақтандыру банкін басқару, жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді	ҚҚА Басқармасының қаулысы	ҚҚА (келісім бойынша)	

	жасасу және тұрақтандыру банкінің қызметін тоқтату ережесін бекіту туралы			2009 жылғы тамыз
10.	"Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, акцияларды орналастыру және акциялар шығарылымын жою қорытындысы туралы есепті бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 268 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҚҚА Басқармасының қаулысы	ҚҚА (келісім бойынша)	2009 жылғы тамыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

НБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі